

2 маусым,
Сейсенбі,
2020 жыл

uil-gazet@mail.ru

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады.

САРБИЕ МЕН ҚАРАОЙҒА ЖАҢА ӘКІМДЕР САЙЛАНДЫ

Қараой, Сарбие ауылдық округі әкімдерінің қызмет ауыстыруына байланысты өткен сәрсенбіде «Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығында аудандық мәслихаттың депутаттары Сарбие мен Қараой ауылдық округіне жаңа әкімдер сайлады. Алдымен аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Берік Бисекенов таңдаушыларға дауыс беру тәртібін түсіндірді. 11 депутат өз таңдауларын жасады. Дауыс беру барысы аяқталған соң, комиссия мүшелері арнайы урнадағы дауыс беру парақтарын кандидаттардың сенімді өкілдерінің көзінше санап, комиссия төрағасы сайлаудың қорытындысын жариялады. 11 депутаттың дауысына ие болған Дәурен Бисебаев Сарбие ауылдық округіне, Айбек Сұлтанов Қараой ауылдық округіне әкім болып сайланды. Сайлау соңында жиынға төрағалық еткен аудандық мәслихат хатшысы Еркін Жиеналин жаңадан сайланған әкімдердің қызметіне сәттілік тілеп, ел үшін абыройлы қызмет атқарады деп үлкен сенім артты.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл селосы.

ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

2020 жылғы 15 маусым Қайыңды ауылдық округі әкімін сайлау күні Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының ХАБАРЫ

Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 36-1 бабына сәйкес 2020 жылдың 28 мамырында **Қайыңды ауылдық округі** әкімдігіне төмендегідей үміткерлердің тіркелгенін хабарлайды:

1. Қосдаулетов Иргизбай Тулеуович 1967 жылы туған, «Көсембай негізгі мектебі» КММ-де директор болып қызмет жасайды, Ойыл ауданы, Көсембай ауылында тұрады, «Нұр Отан» партиясының мүшесі, ұлты қазақ.

2. Сагинғалиев Дастан Базарбайұлы 1993 жылы туған, «Қайыңды ауылдық округі» әкімінің аппараты» ММ-де бас маман болып қызмет жасайды, Ойыл ауданы, Ақжар ауылында тұрады, ұлты қазақ.

Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы

ӘКЕГЕ ҚҰРМЕТТІҢ ҮЛГІСІ

БИЫЛ ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ 75 ЖЫЛ ТОЛДЫ. ӘЛЕМДІ ШАРПЫҒАН ҚАҰІПТІ ІНДЕТКЕ ТОСҚАУЫЛ ҚОЮ ҮШІН МЕРЕЙТОЙЛЫҚ ШАРАЛАРДЫҢ БАРЛЫҒЫ КЕЙІНГЕ ШЕГЕРІЛДІ. БІРАҚ, БҰЛ ЕРЛІККЕ ТАҒЗЫМҒА ТОСҚАУЫЛ ЕМЕС...



Ойылдағы қандайша шарадан тыс қалмайтын, туған топырағына бүйрегі бұрып жүретін азамат Рақым Қожасұлы Ұлы Жеңісті жақындатуға атсалысқан, туғанынан 100 жыл болған өкесіне құрметті оның туған жерінен бастады. Әкесі тұрған үйдің қабырғасына ескерткіш тақта орнатты. Өткен сенбі күні өкесі өлсе де, өкесінің көзін көрген ағалары мен замандастарын жинап сол тақтаны салтанатты түрде ашты.

«Nur Otan» партиясының «Ардагерлерді ардақтайық» партиялық жобасы аясында ұрпақтарының бастамасымен облыс әкімдігі жанындағы тарихи-мәдени мұраларды қорғау жөніндегі комиссиясының биылғы жылдың 27 мамыры күні №3 шешімі негізінде рұқсат берілді.

Ұлы Отан соғысының ардагері, Нвардия офицері Қожас Бақиұлы Қарабалиев 1920 жылы Батыс Қазақстан облысы, Қаратөбе ауданының Аққозы селосында жергілікті бай отбасында туған. Ата-анасы ерте балалық шағында қайтыс болғаннан

кейін ол туыстарымен бірге тұрып, кейін Ақтөбе облысы, Ойыл ауданының балалар үйіне жіберілді. 1940 жылы Ойыл ауданының орта мектебін бітірді. 1940-1946 жылдары Кеңес Армиясында қызмет етті, Екінші дүниежүзілік соғыстағы шайқастарға қатысты. Ол өзінің қызметін 1940 жылы Ресейдің Приморье өлкесінде бастаған. 1942 жылы Ресей Федерациясының Владимир облысындағы Владимир әскери училищесін СА-да офицер ретінде бітірді. Бастапқыда 1942 жылдан бастап Ресей Федерациясының Кострома облысының Кострома қаласында орналасқан өуе-десанттық арнайы жасақтың взвод командирі болып, 1942-1944 жылдары КСРО-ны босату үшін арнайы әскери операцияларға қатысты. 1944-1946 жылдары әскери-азаттық операцияларға қатысып, кейін Еуропаның шет елдерінде (Румыния, Чехословакия, Венгрия, Австрия) бейбіт режимді қолдауға қатысты.

Аға лейтенант Қожас Бақиұлы

Екінші дүниежүзілік соғыс ордендерімен және медальдармен және әскери қызметі үшін марапатталған.

1949-1972 жылдары зейнеткерлікке шыққанға дейін Ойыл ауданының орта мектептерінде дене тәрбиесі және тарих пәнінің мұғалімі болып жұмыс істеді.

Ал, ескерткіштің ашылу салтанатында алдынан дәріс алған шәкірттері Қазбек Нұрымгерейұлы, Аманжол Қисықов және Ғазиз Займолдаұлы естеліктер айтса, осы шараға ұйытқы болып, өкеге құрметтің үлгісін көрсеткен Рақым Қожасұлы мен «NUR Otan» партиясы Ойыл аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Сәкен Займолдин мемориалдық тақтаны салтанатты ашты.

Салтанатты шара ұйымдастырушылардың ұйытқы болуымен Отанымыздың тәуелсіздігі мен бостандығы үшін шайқаста майданнан оралмаған ардагерлерімізге арналған ескерткішке гүл шоқтарын қоюмен жалғасты.

Өз тілшіміз.

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ОЙЫЛ АУДАНЫ ҚАРАОЙ ЖӘНЕ САРБИЕ АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕРІНІҢ ӘКІМДЕРІН САЙЛАУДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫ ХАБАРЫ 2020 жылғы 27 мамыр

№	Ауылдық округтің атауы	Әкімдікке тіркелген барлық үміткерлер саны	Сайлау күніне дейін шығып қалған үміткерлер	Дауыс беру бюллетеніне өңгізілген үміткерлер саны	Мәслихат таңдаушыларының жалпы саны	Сайлау бюллетенін алған таңдаушылар саны		Дауыс беруге қатысқан таңдаушылар саны	Үміткерлердің тегі, аты-жөні	«жақтаған» дауыстардың саны		Сайланған әкімнің тегі, аты-жөні	Партиялығы	Жарамсыз деп танылған бюллетендер саны
						Нақты саны	%			Нақты саны	%			
1	Қараой ауылдық округі	2	0	2	11	11	100,0	11	Майқанов Абзал Сансызбайұлы	0	0,0	Сұлтанов Айбек Утегенович	«Нұр Отан» партиясының мүшесі	0
									Сұлтанов Айбек Утегенович	11	100,0			
2	Сарбие ауылдық округі	3	0	3	11	11	100,0	11	Бергалиев Зейнур Шаймерденович	0	0,0	Бисебаев Дәурен Каржауович	«Нұр Отан» партиясының мүшесі	0
									Бисебаев Дәурен Каржауович	11	100,0			
									Жауынбаев Темирбек Муздакбаевич	0	0,0			

Комиссия төрағасы:
Комиссия хатшысы:Б.Бисекенов
Б.Бактыгереев

ТҰРҒЫНДАР ЖҰМЫССЫЗ ҚАЛМАЙДЫ!

Ақтөбе облысында өңір үшін маңызды жобаларды іске асыруға 46 млрд. теңге бөлінген.

Бұл туралы Ақтөбе облысының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі алаңда ұйымдастырылғын «**ANTI.KOR.LIVE**» жобасы аясындағы тікелей эфирде облыс әкімнің орынбасары Руслан Хамбаров мәлімдеді.

Естеріңізге сала кетсек, аталған бюджеттік қаражаттар Мемлекет басшысының «**Жұмыспен қамту– 2020**» Жол картасы бағдарламасын жүзеге асыру туралы тапсырмасын орындау мақсатында бөлінген.

Енді облыстағы жұмыссыз азаматтар келесі бағыттар бойынша **302** жобаның жүзеге асырылуына қатыса алады, өрине тегін емес:

- Жалпы сомасы **20,6 млрд. теңгені** құрайтын жол құрылысы және жолдарды жөндеу саласындағы **135 жоба**;
- **15,5 млрд. теңгені** құрайтын әлеуметтік-мәдени нысандар саласындағы **104 жоба**;
- **8,4 млрд. теңгені** құрайтын тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы саласындағы **37 жоба**;
- **1,8 млрд.теңгені** құрайтын елді мекендерді абаттандыру

саласында **26 жоба**.

Азаматтарымыздан талап етілетін жалғыз-ақ нәрсе - Ақтөбе қаласында және барлық аудан орталықтарында қызмет етіп жатқан жұмыспен қамту орталықтарына жүгіну ғана.

Бүгінгі күннің өзінде облысымызда нақты **4 мың** адам жұмысқа орналастырылған. Ал мемлекеттік бағдарлама аясындағы жалақы **85 мың теңгеден** кем емес.

Жергілікті атқарушы органдар аталған жобаларды жүзеге нәтижесінде мультипликативтік жағымды әсер күтуде: ұзындығы **400 км-ді** құрайтын жолдар жөнделеді, облыстағы мектеуді қажет етіп отырған мектептердің **55%-ы** жөндеуден өткізіледі, денсаулық сақтау нысандарының материалдық-техникалық базасының жабдықталу деңгейі **90%-ға** өседі және тұрғындардың жалпы саны **3,5 мың адамды** құрайтын облыстың **7 ауылы** ауыз сумен қамтамасыз етілетін болады.

Өз кезегінде облыстық Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет басшысы Мирлан Мұхамбетов мемлекеттік бағдарламаны іске асырудың ашықтығы мен жариялылығын, бюджет қаражатын

жұмсау процестерінің есептілігін қамтамасыз етудің маңыздылығын атап өтті.

«*Жұмыссыздық статистикасының бұрмалануына, тұрақты және әлеуметтік жұмыс орындарына азаматтарымыздың формальды түрде орналасуына жол бермей, нақты ақпаратпен қамтамасыз еуге бақылау жүргізгеніміз абзал*» - деді, Мирлан Мұхамбетов.

Бұған дейін, Ақтөбе облысының әкімі Оңдасын Оразалиннің төрағалығымен өткізілген кеңесте белсенді қоғам өкілдерінен тұратын «Ақтөбе – адалдық алаңы» жобалық кеңсесі мен өңірлік арнайы мониторингтік топ мүшелерін мемлекеттік бағдарламаның іске асырылуын бақылау жөніндегі жұмыс тобына енгізу арқылы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет пен облыс әкімдігінің тиісті құрылымдық бөлімшелері арасындағы өзара іс-қимылды күшейту туралы шешім қабылданған болатын.

Алдағы уақытта «Жұмыспен қамту – 2020» Жол картасы мемлекеттік бағдарламасы аясындағы бюджет қаражатын іске асыру, оларды жұмсау қоғамдық бақылауда болмақ.

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА !!!

Ойыл ауданы әкімдігі 2020 жылы 17 маусым сағат 15:00

Ойыл ауданы, Құрманғазин №43, Ойыл ауданы әкімдігінің кіші мәжіліс залы мекен-жайында үй-жайларға (құрылыстар мен ғимараттар) үшін жер учаскелерін жеке меншікке сату бойынша аукцион өткізеді

ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІНІҢ ТІЗІМІ

Лот №	Нысаналы мақсаты	Мекен жайы (орналасқан жері)	Жер көлемі, (ш.м.)	Иеліктен шығарылатын құқық түрі	Бастапқы құны (теңге)	Кепілдік жарнаның мөлшері (теңге)	Жер салығы (теңге)	Сауда-саттық тәсілі және жүргізу әдісі
1	Үй-жайларды (құрылыстар мен ғимараттарды) орналастыру және қызмет көрсету	Ойыл ауданы, Саралжын а/о, Кемер ауылы, Ботагөз-2 көшесі, бас жоспары бойынша №4.6 жер телімі	1360 ш.м.	Жеке меншік құқығы	81 600	138 900	1 824	Ағылшындық әдісі
2	Үй-жайларды (құрылыстар мен ғимараттарды) орналастыру және қызмет көрсету	Ойыл ауданы, Саралжын а/о, Кемер ауылы, бас жоспары бойынша, №5.5 жер телімі	9620 ш.м.	Жеке меншік құқығы	577 200	138 900	1 152	Ағылшындық әдісі

Аукционды өткізу күні мен уақыты: 2020 жыл 17 маусым, 15:00-де.

Аукционды өткізу орны: Ойыл ауданы, Ойыл ауылы, Құрманғазин көшесі, №43 (әкімдік ғимараты), 3 қабат (кіші мәжіліс залы)

Аукционды өткізу шарттары: аукционды аукционшы өткізеді. Әрбір сауда-саттық объектісі бойынша аукцион аукционшының өз атауын, қысқаша сипаттамасын, аукционды өткізу әдісін, бастапқы баға мен бағалардың өзгеру қадамын хабарлауынан басталады. Аукцион ағылшындық әдіс бойынша өтізіледі (бастапқы бағасының өсуіне қарай). Аукционшы сауда-саттық процесінде қадамдардың өзгеруі туралы хабарлайды. Бұл ретте, қадам объектінің ағымдағы бағасының бестен он пайызына дейінгі шектерде өзгереді. Аукционшы объектінің бастапқы бағасы мен бағаның ұлғаю қадамын хабарлайды. Сауда-саттықта қатысушылардың нөмірді көтеруі бастапқы бағаны өсіреді, бірақ ол хабарланған қадамнан кем болмауы керек. Аукционшы объект бойынша аукционға қатысушылардың аукциондық нөмірлерін хабарлайды, бағаны бекітеді және оны өсіруді ұсынады. Аукционшы объект үшін неғұрлым жоғары баға ұсынған қатысушыны хабарлайды. Аукционшы объектінің соңғы бағасын үш рет қайталайды және басқа көтерілген нөмірлер болмаған кезде балға соғу арқылы аталған объектінің сатылғаны туралы хабарлайды. Сауда-саттық жеңімпазы анықталғаннан кейін сатушы сауда-саттық өткізу рәсімдерін, сондай-ақ сатып алу-сату шартын жасасу және оның талаптарын орындау жөніндегі тиісті міндеттерді орындамаған жағдайда, сатушы сауда-саттықта осы объект үшін шамасына қарай екінші баға берген қатысушыға (екінші сатып алушы) объектіні сатып алу құқығын береді;

Жер учаскелерінің жеке меншікке сату шарттары және ауыртпалықтар (шектеулер) тізілімі: сатып алушы: аукцион өткізілетін күні оның нәтижелері туралы хаттамаға қол қоюға, «Ойыл аудандық жер қатынастары бөлімі» ММ-мен Ойыл ауданы әкімдігінің тиісті шешімі қабылданған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде жер учаскесінің жалдау құқығын сатып алу-сату шартын жасасуға және ол бойынша міндеттерді орындауға, игерілу шарттары туралы шартты жасасуға, жер учаскесін оның нысаналы мақсатына сай пайдалануға, қажет болған жағдайда, мүдделі тұлғаларға жер учаскесін шектеулі пайдалану құқығын (сервитут) беруге, жалдау төлемін уақытылы өтеуге міндетті.

Сауда-саттықта белгіленген учаскенің аукциондық құны 50% мөлшердегі аванстық төлем сатып алу-сату шартына қол қойылғаннан кейін банктік 5 күннен кешіктірілмейтін мерзімде төленеді, ал қалған сома сатып алу-сату шартына қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 30 күннен кешіктірілмей енгізілуі қажет.

Ескерту: Кепілдік жарна әрбір сауда-саттық объектісі бойынша бөлек енгізіледі.

Аукцион қатысушысы ретінде тіркелу үшін:

жеке тұлғалар үшін: 1) аукционға қатысуға өтінімді; 2) кепілдік жарнаның енгізілгендігін растайтын төлем құжатын; 3) өкілеттің өкілеттілігін куәландыратын құжатты;

заңды тұлғалар үшін: 1) аукционға қатысуға өтінімді; 2) кепілдік жарнаның енгізілгендігін растайтын төлем құжатын; 3) резидент емес тұлғалар сауда-саттық тізілімінен заңдастырылған үзіндіні немесе шетелдік заңды тұлғалар шетел мемлекетінің заңнамасы бойынша заңды тұлға екендігін куәландыратын, мемлекеттік және орыс тілдеріне нотариат куәландырған аудармасы бар басқа заңдастырылған құжатты береді; 4) өкілеттің өкілеттілігін куәландыратын құжатты **ұсыну қажет**.

Көшірмелердің дұрыстылығын растау үшін түпнұсқалары салыстыру үшін беріледі.

Аукцион қатысушыларын тіркеу ақпараттық хабар жарияланған күннен бастап жүргізіледі және аукцион басталғанға дейін жиырма төрт сағат бұрын аяқталады. Аукцион қатысуға өтініштер мына мекенжайда қабылданады: Ойыл ауданы, Ойыл селосы, Көкжар көшесі 69, 3- қабат, 309 және 311- кабинеттер, анықтама үшін телефон: 8 (71332)2-18-80.

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫ СЕССИЯСЫ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ШЕШІМІ

«26» мамыр 2020 жыл № 50 Ойыл селосы

Аудандық мәслихаттың кезекті қырық тоғызыншы сессиясын шақыру туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10 бабының 2 тармағына сәйкес **ШЕШІМ ЕТЕМІН:**

Алтыншы шақырылған аудандық мәслихаттың кезекті қырық тоғызыншы сессиясы 2020 жылдың 12 маусымы күні сағат 11.00-де аудан әкімдігінің мәжіліс залында шақырылсын.

Сессияның күн тәртібіне мына мәселелер енгізілсін:

- 2019 жылғы аудандық бюджеттің атқарылуы аудан әкімдігінің есебі
Баяндамашы: Б.Ә.Әділханов - аудандық қаржы бөлімінің басшысы
- 2019 жылғы аудандық бюджеттің атқарылуына жүргізілген бақылау қорытындылары туралы
Хабарламашы: Ақтөбе облысы бойынша тексеру комиссиясы
- Ойыл ауданындағы денешынықтыру мен спорттың жағдайы және одан әрі дамыту бойынша шаралар туралы
Баяндамашы: Меруенов С.Т. - аудандық білім, денешынықтыру және спорт бөлімінің басшысы

4. Аудандық мәслихаттың 2019 жылғы 25 желтоқсандағы №361 «2020-2022 жылдарға арналған Ойыл аудандық бюджетін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Хабарламашы: Ұлықпанов Қ.Ж. - аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің басшысы

5. Басқа мәселелер

Аудандық мәслихаттың сессия төрағасы:

И.Ш.Берғалиев

БАЛА ТӘРБИЕСІ НЕМҚҰРАЙЛЫ ҚАРАУҒА БОЛМАЙДЫ!

Өркениетті елдің болашағын сомдайтын бүгінгі жасөспірімдер екені белгілі. Келешек өмірдің тізгінін ұстайтын олардың алдағы атқарар іс-әрекеттерінің бастауы бүгінгі күнмен тығыз байланысты. Жасөспірімдердің қауіпті жолға түсуі барып тұрған қасіретті құбылыс. Жасөспірімдер қылмыс жасай отырып өз басына ғана емес, қоғамға, өз отандастарының мүддесіне, өзінің туғандықтарына үлкен зиян келтіреді.

Мемлекет көмелетке толмағандардың қылмыстылығының алдын алуда, жасөспірімдерді қадағалаусыз қалдырумен қатар ересектердің құқық бұзушылық әрекеттерінің жасөспірімдерге кері әсер беруі сияқты жәйттермен күресуде. Көптеген жасөспірім қылмыскерлердің күнделікті іс-әрекеттеріне отбасы, оқу орындары, еңбек ұжымдары ешқандай болмағандықтан, соңы қылмыстық әрекетке ұласатын тәжірибе көрсетіп отыр.

Балаға көрсетілген қатыгездік қатынасқа жататындар: қинаушылық, физикалық, эмоционалды, жыныстық зорлық-зомбылық. Қатыгездік үйде, далада, мектепте, балалар үйлерінде, ауруханада көрсетілуі мүмкін. Мұндай іс-әрекетке душар болған балалар қалыпты даму жолынан ауытқып, қоршаған ортаға бейімделе алмай қалады. Соның есерінен, бала өзін жаман, керексізін деп сезінеді.

Баланың қатыгездікке жауап беру түрі баланың жасына, тұлғалық ерекшелігіне, әлеуметтік тәжірибесіне байланысты.

Қорыта келгенде бала тәрбиесіндегі басты нәрсе – оның бойында жоғары өнегелік қасиеттерді қалыптастыру, оларды нақты нанымға, өзін саналы түрде ұстаудың үлгісіне айналдыру болып табылады. Олай болса, көмелетке толмағандар қылмыстылығының алдын алу жолдарының біріне жас ұрпақтың бойында құқықтық мәдениет, құқықтық сана қалыптастыру саналады.

Сондай-ақ, отбасындағы бала тәрбиесіне кейбір ата-аналардың немқұрайлы қарайтыны өкінішті. Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодексінің талаптарына сай, ата-аналар өз баласын тәрбиелеуге, оның адамгершілік жағынан және рухани дамуына қажетті өмір сүру жағдайларын қамтамасыз ету үшін жауаптылықта болады.

Осы орайда, көмелетке толмағандардың тәрбиесі мен оның жасаған әрекеттері үшін заңмен белгіленген реттерде, өрқашан да ата-ана жауапты екенін есте ұстаған жөн.

Ә. КЕНЖАЛЫ,
Ойыл ауданы
прокуратурасының
прокуроры.

БАСТЫ БАҒЫТ - ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ БЕРМЕУ

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18-қарашадағы №410-V ҚР Заңы азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, анықтау, олардың жолын кесу және ашу, олардың зардаптарын жою және кінәлілерді жауапқа тарту арқылы мемлекеттік органдардың, мемлекеттік міндеттерді атқаратын лауазымды және басқа да адамдардың, сондай-ақ оларға теңестірілген адамдардың тиімді қызметін қамтамасыз етуге бағытталған және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің негізгі принциптерін айқындап, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың түрлерін, сондай-ақ жауаптылықтың пайда болу жағдайларын белгілейді.

Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Ойыл аудандық аумақтық инспекция бойынша сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын заң бұзушылықтар көріністерінің алдын алу бойынша іс-шаралар ұйымдастырылып жүргізілуде. Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Ойыл аудан-

дық аумақтық инспекцияда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жоспарға сәйкес мамандардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру мақсатында жалпы құқықтық оқыту сабақтары жүргізіледі. Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Ойыл аудандық аумақтық инспекцияның жұмысының негізгі бағыты мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы кез-келген қарым қатынасқа жол бермеу болып табылады. 15.04.2020 жылы Нұр Отан партиясының Ойыл аудандық филиалы мен бірлесіп сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселері туралы айтылды.Сыбайлас жемқорлықты алдын алу,оның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында түсіндірілді. Барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар өз құзіреті шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуге міндетті. Мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз құзіреттері шегінде осы Заңның талаптарын орындауды және онда көзделген тәртіптік шараларды қолдануды, кадрлық бақылау және басқа да қызметкерлерді осыған тарта отырып, қамтамасыз етеді.

Ветеринариялық бақылау және Ойыл аудандық аумақтық инспекциясы

Өмірден ерте өткен қостарым Базарқұл Байқуашев пен Жамбыл Шахметовке арнаймын.
Автор.



Алтыншы, өлде жетінші жыл Ойыл тасымай қойды. Қар аз түсіп, алты ай жазда жаңбыр жаумаған-дықтан жердің де өңі қашып, күйік ісі қолқаны ататын жатаған, жайпақ қырлар көбейіп барады. Қырық обаның шығыс жағындағы тегістеу алаңқайға шатырларын тігіп, тіршілік күйбеңіне кіріскен археологтардың да жүздері салыңқы.

Экспедицияның Алматыдан шыққанына бір ай он күн. Алда атқарылатын жұмыс қыруар, бірақ сол қыруар жұмысты аяғына жеткізу қиындап тұр. Өйткені, күнделікті тіршілік тауқыметін жергілікті тұрғындар мойнына жүктемей, елді мекендерден аулақта, өздерімен өздері оқшауланған экспедиция құрамындағы жиырмашақты адам мен соншалықты техникалық құрал жабдықтардың жұмысын қамтамасыз етерлік қаражаттың түбі қағылуға айналды. Экспедиция басшысы Нұртілеудің қабағы түсіп кеткен. Ө.Х.Марғұлан атындағы Археология ғылыми-зерттеу институты басшыларымен, тіпті институт директоры, академик Карл Байпақовтың өзімен смартфон арқылы хабарласып еді. Жауап көңіл көншітпеді.

Бұл о баста Нұртілеудің көптен бергі арманының орындалуына жол ашқан сәтті мүмкіндіктей көрінген. Қырсыққанда қымыран іріді. Ғылыми зерттеу институты облыстың тиісті құрылымдары арқылы облыс әкімімен тікелей байланысқа шығып, экспедиция жұмысына үш миллион теңге көмек алатын келісім шартқа отырды. Оның екі миллион теңгесі ғылыми институттың есепшотына келіп түсті. Қалған бір миллион теңгесін кейін аударамыз деді олар. Қаражаттың алғашқы бөлігімен археологтар тобы шұғыл жасақталып, сапарға шығып та кетті. Айға жетер жетпесте, жаңағы екі миллион теңге түгел жұмсалып, облыстан ешқандай хабар болмағандықтан, ғылыми институт, мемлекеттің мойнында отырғанына қарамай, әйтіп-бүйтіп өз қалтасынан бір миллион теңгедей қаражат тауып еді, енді міне, ол да таусылуға айналды. Басталып кеткен жұмысты орта жолда тоқтатуға болмайды дегенмен, қысқа жіп күрмеуге келмей, экспедиция тығырыққа тірелді.

Академиктің тікелей қолдауымен осы экспедицияны ұйымдастыруға түрткі болған Нұртілеудің өзі еді. Ойыл – туған жері, мүмкін бүйрегі бұрса бұрған шығар, бірақ мәселе тіпті де онда емес, бұл өңірдің тарихы Нұртілеуді мектеп қабырғасында жүрген кезден тылсым

тыныштықта тұншыққан, қабат-қабат қымталып, қойнын аштырмайтын көмбе емес, “ұйқыдағы арудай” жүректі баурап, күндердің күнінде сылаңдап оянатын ғажайыптай ылғи да қиял әлеміне жетелей беретін. Патша тұсында салынып, кейін замана ығымен біресе қасиетті, біресе қасиетсіз орын ретінде қабылданып, талай төлбекті басынан өткізген мешіттің шатырынан табылған көне кітаптарды шұңқырға лақтырылған жерінен жинап алып, онымен қоймай ондағы жазуларды түсінбесе де, сол кітаптардың құндылығын құмарлық соқыр сезіммен дәлелдеймін деп мектеп директорынан сөгіс естігені де бар-ды. Үлкендердің осы өңірдің тарихын аңыз-төпсілдермен өбздеп ауыз суын ағыза айтатын өңгімелерін бала көңілмен ақиқаттай қабылдап өсті. Мүмкін сондай өсершілдігі болар, әйтеуір көненің көзіне ессіз құштарлық келе-келе мұратты ұстанымына ұласты. Алматыдағы пединституттың тарих факультетін бітіріп, қолына диплом алған күні сондағы Археология ғылыми-зерттеу институтына аспирант ретінде қабылданды. Ғылыми диссертациясын да сонда қорғады, міне, он жылдан асып кетті, басқа қызметке ауысу ойына да келген жоқ. Беделсіз де емес. Академик Карл Байпақовтың жетекшілігімен докторлық диссертациясын жазып жүр. Былайша айтқанда, бәрі орнымен ойдағыдай жалғасып келе жатқан. Көрмейсің бе, сол өдемі тізбек, аяқ астынан үзілмекші. Үзілмекші! Тым өсірелеу емес пе?! Бір экспедицияның жұмысы тоқтап қалса, онда тұрған не бар, кездеспей жүрген жай емес? Мұндайлардың талайы болған. Ендеше, үзілмекші деп сонша үздікпей-ақ, тоқтай тұрмақшы десе де еш оғаштығы жоқ емес пе?! Алайда, бұл Нұртілеуге шынында да ауыр соққыдай тигелі тұр.

Қызмет – қолдың кірі, бірде олай, бірде былай. Тұрмысыңды да ойлайсың, беделіңді де ойлайсың. Сонымен бірге, соның бәрінен өзгеше, соның бәрінен басым, көзге көрінбейтін, шірімейтін де үзілмейтін, сол көрінбеген күйінде о дүниеге адамның төнімен бірге кететін алтын жіппен шырмалған тағы бір құпия күш бар. Сол құпия күш соңғы жылдары Нұртілеудің бойын билеп алды.

Тәуелсіздік қазақ баласын ғана емес қазақ даласын да түлетті. Ой да, бой да өзгере бастады. Сан ғасыр бойы “дүние жүзінде аумағы жағынан тоғызыншы орынды иеленетін ұлан-байтақ қазақ даласын ата-бабаларымыз асқан ерлікпен қорғап қалды” дейтін перзенттік мақтаныш сезімі бірте-бірте кейінге ысырылып, оның орнына “Менделеев кестесіндегі барлық кристал кездесетін қазақ даласы өлемдік цивилизацияның алғы шебіне ұмтылуда” деген мақтаныш пен жауапкершілік қойындасқан жаңа ұғым бүкіл ісқимылдың өзегіне тереңдей еніп барады. Мәңгілік ел, Ұлы дала, Рухани жаңғыру сияқты ұрандар жаңа дәуірдің жаршысындай күннен күнге жарқырай ашылып, күдікшіл, күңгірт ойлардың өзін жаңаша ойлауға ынтықтыруда. Мұндай кез, өрине, Нұртілеу сияқты

көкірегі ояу жастарға үлкен сынақ алаңы, айтып, айтпай не керек, сыртқы талаптың емес, ішкі рухани қажеттіліктің оянып, сілкінуі болатын.

Әр кім өз саласында өз әрекетіне төреші, экспедицияның ұйымдастырылуын Нұртілеу туған өлкесінің сан ғасырлық ұйқыдағы тарихына жаңа ұрпақтың тың күшпен аттанысының басындай көріп, ерекше құлшыныспен қабылдаған еді. Қолынан келсе жаңалық ашар, қолынан келмесе әйтеуір кейінгі толқынға аманат етерлік бір игі іс тындырар. Не бопты, ең бастысы объект бар. Объект болғанда қандай?! Сол объектіні кезінде қазақтың бас археологы Әлкей Марғұланның өзі “Жайық бойы тұнған тарих, сол тарихқа да бет бұруымыз керек” деп өсиет етіп кетті. Ұстазы Карл Байпақов та өз еңбегінде осы пікірді одан әрі жалғасырып өкетіп еді-ау!

Сол кезде Жайыққа құйған Ойыл өзенінің бойындағы Мәулімберді деген қаланың қиратындыларын көрген шет елдік саяхатшылардың жазбалары мұрағаттарда сақтаулы. Шерқұттының Қазтуғанға: «Орманбет хан онда өлді, Байтақ баба мұнда өлді. Қарасақал Мәулім хан Ойылдан өтіп Жемде өлді» дегені сонау ноғайлы заманының жаңғырығындай болып бүгінгі күнге жетті емес пе?! Қазан қаласының ханы Мұхаммед-Амин 1492 жылғы жазда III Иванға жолдаған хатында Едігенің немересі Оқас бидің өзі Урухе тауын, ал оның ұлдары Мұсаның Ор, Жаңбыршының Жем аяғын, тағы бір мырзаның Қарғалы бойын жайлап отырғанын жазса, 1628 жылғы 7 ақпанда Алты ауыл ордасынан Аштарханға елші болып барған Яков Бухаров дегеннің мәліметінде ХҰ ғасырдың соңғы кезінде Едігенің немересі Оқастың Жем өзенінен бес күндік жердегі Уруктауды (“Уруктав”) мекендегені айтылады. Жаңағы Жем мен Қарғалы, тіпті Алты ауыл ордасы иек астындағы жерлер. Тарихи өңгімеге ұрындың ба, одан оңайлықпен шыға алмайсың. Және сол тарих туған жеріңнің тарихы болса. Оның үстіне, таңдаған өмірлік кәсібің сол тарихпен біте қайнасып жатса.

Нұртілеу қырық обаның омырау төбелеріне осылай шалықтай көз жіберіп тұрғанда, іштен «Аға, Нұртілеу аға!» деген дауыс естілді. Сонда да кешкі көкжиектің алқызыл бояуына ұмсына, емшеккөздене торсиып қала төртібімен тізілген обаларға қарап ол біраз тұрып қалды. «Мына обалар ежелгі қаланың орны, мұндағы кірпіштердің үгіндісін ойылдықтар күні кешеге дейін құрылысқа пайдаланып келді» дейтін ауызекі өңгіме есіне түсіп, таңғалды. Аңыз бойынша қала он алтыншы-он жетінші ғасырларда өмір сүрген. «Апыр-ау, қазір жиырма бірінші ғасыр, сонда қирағаннан, дәлірек айтқанда қиратылғаннан кейін де соншама ғасыр адамдардың қажетіне жарап жүрген бұл қандай тамаша құрылыс материалы. Қазір қайда сондай материалдар?!»

“Нұртілеу аға” деген дауыс қайта естілді. Кешкі ас дастарханы басына жиналғандардың бүгінгі

басты өңгімесі ертеңгі жұмыс жайы болды. Күн тәртібі бойынша ертең Қара-уылтөбе арқылы Орындық тауына көтерілуі керек еді. Археологиялық картаның сұлбасы енді ғана бай-қала бастаған кезде, аяқ астынан жоспар кілт өзгеріп, Алматыға кері қайтамыз деген ой ешкімнің басына кіріп шыққан жоқты.

Нұртілеу:

– Сапар аяқталды. Карл ағамен жаңа ғана сөйлестім, тапсырма солай, – дегенде, бәрі аңтарылып қалды.

– Облыс басшылары сөзінде тұрмағаны ма?

– Бір миллион теңге деген не тәйірі ... орынды, орынсыз жиын, салтанаттарға жеткен ақша ..., – деп үзік-созық айтылған құңкілдер жауабы болмағандықтан, ұзаққа бармай, көңілсіз тұнжыраған тыныштыққа сіңіп жоғалды.

Ұзақ түн кірпік ілмесе де, таңғы алақабенде көрпесін сілке көтеріп, тысқа шыққан Нұртілеу өзін ширақ сезінді. “Ең бастысы сонау балалық шағында өзінен өзі тұтанып, есейе келе сезім көздерін нұрландыра, тұлабойына тың күш қосып, ыстық қанды ойнататын сәулемді сөндірмейін” деп өлденеге мінажат еткен күймен кеудесін кере дем алды. “Арманды сапар осымен аяқтала қоймас, күндердің күнінде қайта оралудың сәті түсер” деп, өзін-өзі іштей қайрап, айналаға шола көз жберді. Ұйқыдағы Ойыл оянып, өр жер өр жерден селдір түтін бозамық көкке жайлап жайылып барады. Өріске беттеген сиырлардың, қой-ешкілердің қарасы көбейіпті. Одан өрі Қарауылтөбе қылаңытады. Саяхатшылардың назарын аударып, он бесінші ғасырдың көмбесі дегізген құпиялы төбең осы. Тағы одан өрі Орындық тауы, бұл арадан көрінбегенмен, көңілінде ап-айқын, баяғы таныс суреттей мөлдірейді. Тек бозғылт тартқан. Күзгі салқын да келіп қалған екен ғой. Бойын біртүрлі суық ұрғандай болды. Тітіркенді. Дегенмен, сапарға шығардағы ойынан қайтқан жоқ. “Бару керек, алда туристерді тартатын нүктелердің бірі сол” деді іштей күбірлеп.

Міне, Орындық тауының төбесінде тұр. Жалғыз. Қиялына кедергі келтірмесін деді ме, жалғыз келді. Шығысы жылғаланып, Қарауыл төбеге тіреледі де, солтүстік шығысы көз ұшына дейін бөлек-бөлек жоталар болып жалғаса береді. Оңтүстік батысы көкжиекте қарағайлы қою орманды құшағына басып, бұйра құмдары ырғыма түйе көштей көз суырған өрнекті сурет – Барқынның құм төбелері жағалай өскен қалың құрағына бүйірлерін жудыра маужырай аққан көк өзенге құлайды, ал ол табиғаттың сол өдемі суретін іліп алып, күн сәулесімен шағылысып, айнала-сына мол жарық шашқан бор тауларды – Ақшатауды бетке алып, созылып жатыр. Өзеннің орталық бір қойнауында өткен ғасырдың бас кезінде жергілікті кәсіпкер Меңдібай Күмісбаев, екеуі екі болысты билеген балалары Дәукен мен Мұқаш салдыртқан “Қызыл мектеп” бұлдырайды. Жарықтық, арада жүз елу жылдай уақыт өтсе де, “көрілікке” жеңдірмей, өлі тұр. Ойыл өңірінің

білімге ұмтылысы, ең алдымен тап сонда басталып еді-ау! Табиғаты бар, тарихы бар, қиялында тербелген осы сиқырлы суреттің бәрі аяғының астында ап-айқын көлбеп жатыр. Алақаныңа салсаң, шашырамай қона қалатындай.

Археологтардың бәріне дерлік тән – жердің үстіңгі бедеріне ғана емес, оның қойнауындағы өткен ғасырлар тіршілігіне ойша бойлау дерті Нұртілеуді де ұзақ уақыт бір орнынан тапжылтпады. Орындық тауын ол бекер таңдаған жоқ. Табиғаттың жаңағы өдемілігі өз алдына бір бөлек те, Орындық тауының батысындағы дала кеңдігін, дала шексіздігін өдейі паш еткісі келгендей кедір-бұдырсыз жайыла төселген жазықтық, білген адамға бір бөлек өдемілік. Дүниенің төрт бұрышын талмай аралаған жанкешті саяхатшы С.Н.Никитиннің 1893 жылдың сәті түскен бір күнінде, дәл осы төбеге көтеріліп тұрып: “Жазық даладан мұндай, қарасаң көзің талатын, отыз-қырық верстей жердегі Ақшатаудың қарлы аңғарлары алақандағылай айқын көрінетін кеңістікті сирек кездестіресің. Бұл көрініс ұшы-қиыры жоқ созылып жатқан сары далаға көзіміз үйреніп кеткен бізге қатты өсер етті. Міне, осындай кеңістік ортасында Жайықтың бүкіл арғы бетіндегі отырықшы орыс тұрғындарының екі елді мекенінің бірі, өрі сауда орталығы Ойыл немесе Ойыл бекінісі түймедей ғана дақ болып жоғалып барады” деп таңғалғаны көзі қарақты ойылдықтардың бәріне белгілі. Бірақ, солай бола тұра, Орындықтың төбесіне көтерілгендер некен-саяқ. Е, не бар онда деп иығын қиқаң еткізеді көпшілігі. Өткен өтті, бүгінгі шаруаны кім тындырады. “Апырай, ә?!” деп іштей күрсінді Нұртілеу, ең болмаса оқушылардың құштарлығына дем беріп, махаббатын оятса құба-құп еді ғой.

“Жоқ, санадан өшпейді, өштірмейміз” деп өлдекіммен айтысқа түскендей өзінен-өзі ширықты. Никитинді таңғалдырған ғажайып жазықтыққа тағы да көз салды. Шынында да, айналасын түгелдей шолып, мына көсілген кең далаға келгенде тұла бойы шымырлап қоя берді. Бейбіт, ел арасы тыныш кезде күн қақтаған марғау далада кімнің шаруасы бар, ал тап осы өңірдің батырлық жырларда айтылатын алдаспанын ойнатқан батырлар тіріліп, мына ұшы-қиырсыз жазықтық кескілескен ұрыс майданына айналғанын көз алдыңызға келтіріп көріңізші?! Құдай басқа бермесін! Бұл, және, тіпті құр қиялдың, ойдан оқиға құрудың қитұрқысы емес, тарихи құжаттарда таңбаланған нақты деректер де мұны растайды. Қызылбастың ноғайлы жұртын шауып құтырған Қазан батырын, қара қыпшақтың ұлын құл, қызын құң етпекші болған атақанәлет Алшағырды төубесіне келтіріп, төубесіне келтіріп емес-ау, жанын жаһаннамға жіберіп, кек қайырған Қобыландының сүйегі иек астындағы Қобда жерінде жатқан жоқ па? Мына жалпағынан жайылған жазықтық Қобыландының Тайбұрылын ойнатып, кешіп өткен Жақсыбай өзеніне барып тірелмей ме!

(Жалғасы келесі санда)

ОЙЫЛДЫҚТАР ОНЛАЙН БАЙҚАУЛАРДАН ДА ОЗЫП ТҮР

ЕЛІМІЗГЕ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ ЕНГІЗІЛГЕЛІ БЕРІ БАРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ОРЫНДАРЫ ОНЛАЙН РЕЖИМГЕ КӨШТІ. ҚОҒАМ ТҮТАСТАЙ ӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ ТӘРТІБІН САҚТАДЫ. АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ ДАМУЫҒАН ЗАЙЫРЛЫ МЕМЛЕКЕТТІК ЗИЯЛЫЛАРЫ ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМНІҢ ДАМУ ҚАРҚЫНЫН КЕЙІНГЕ ЫСЫРҒАН ЖОҚ. КЕРІСІНШЕ ОНЛАЙН РЕЖИМДЕ АЛҒА ҰМТЫЛЫП, ИНТЕРНЕТ АРҚЫЛЫ ІЗДЕНУГЕ ЖОЛ АШТЫ.



Осы орайда Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназиясының музыка пәнінің мұғалімі Гүлжанат Маханованың жетекшілігімен бірнеше балғын өнерпаздар Жеңістің 75 жылдығына арналған дарынды балалар мен жасөспірімдер арасындағы онлайн түрде өткізілген республикалық өнер байқауына қатысып, бақтарын сынаған болатын. «Эстрадалық вокал» номинациясы бойынша 9-11 жас аралығындағы өнерпаздар арасынан Аян Қуандықұлы, 11-13 жас аралығында Біржан Жанболатұлы, дуэт номинациясы бойынша Күнзада, Жұлдызай Нұрмағам-

бетовалар жүлделі бірінші орынды жеңіп алды. Өнерпаз өрендердің жетістігі өздерінің ғана емес жетекшілерінің де мерейін өсірді. Нақтырақ айтсақ, аталған өнер байқауында Гүлжанат Ғаділшеқызы «Құрмет» грамотасымен марапатталды. Осылайша оза шапқан өнерпаздар онлайн түрде болып өткен байқауға демеушілік көрсеткен «Nur-Otan» партиясы Ойыл аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Сәкен Займолдинге алғыстарын білдірді.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл селосы.

БАҚЫТ БӘРІМІЗГЕ ОРТАҚ БОЛСА...

БІЗ ЕЛІМІЗДІҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ АРҚАСЫНДА БАҚЫТТЫ БАЛАЛЫҚ ШАҚТЫ ӨТКІЗУДЕМІЗ. МЕН ОСЫН-ДАЙ БЕЙБІТШІЛІК ОРНАҒАН ЕЛДЕ ТУЫП-ӨСКЕНІМЕ РИЗАМЫН. ҚАЗІРГІ ЗАМАНДА КӨРІП ЖҮРМІЗ, ҚАТІГЕЗ АТА-АНАЛАР, БАҚЫТСЫЗ БАЛАЛАР. АТА-АНАЛАРЫНЫҢ КЕСІРІНЕН КӨПТЕГЕН БАЛАЛАР БАЛАЛЫҚТЫҢ БАЛ ДӘМІН ТАТА АЛМАЙ ЖҮР...

Біздер қазір бақытты болып өсіп келеміз. Алдымызда не керек болса, сол тұр. Білімге керек нәрсені ізденбей жатып-ақ, компьютер, ұялы теле-фон, интернеттен табамыз. Бара-бара, есейген кезде сол балдәурен балалық шағымызды сағынатынымыз белгілі. Кейбіреулер өздерін балалық шақпен ерте қоштасқандай сезінеді. Себебі, олар балалық шақтың құдіретін сезіне алмай жүр. Сондықтан да менің достарыма айтарым, балалық шақтың бал дәмін сезінген бұл кездің ең бақытты шақ екенін ұмытпайық.

Бақытты болу әркімнің өзіне байланысты. Өз өмірін аялап, барды қанағат тұтқан адамның құшағы бақытқа толы болады. Қасында жүрген адамдардың қуанышын, бақытын, жақсылығын өзінің табысындай көре білген адам бақытқа кенеледі. Әрбір атқан таң мен батқан күннен бақыт тілеген адам мұратына жетеді. Бәрінен де керемет кез ол біздің бақытты балалық шағымыз.

Арман ӘЛІБЕК.

СУҒА ТҮСУ МАУСЫМЫ БАСТАЛДЫ!

ЖАДЫРАП ЖАЗ КЕЛДІ. ТАБИҒАТТЫҢ ОСЫНАУ КЕЗЕҢІН АСЫҒА КҮТКЕН АДАМДАР ӨЗЕН-КӨЛГЕ ШОМЫЛУҒА, БАЛЫҚ АУЛАУҒА АСЫҒАДЫ. ӨКІНІШКЕ ОРАЙ, КЕЙБІРЕУЛЕР ҮШІН ЖАҒАЖАЙДАҒЫ ДЕМАЛЫС ӨМІРІНІҢ СОҢҒЫ СӘТІНЕ АЙНАЛЫП ЖАТАДЫ. ЖАҚ-СЫ ЖҮЗЕТІН АДАМ ҮШІН СУ ҚОРҚЫНЫШТЫ ЕМЕС. БІРАҚ ЖҮЗЕ БІЛЕТІН АДАМ ДА СУДА БОЛҒАНДА АРНАЙЫ ЕРЕЖЕНІ САҚТАУЫ КЕРЕК. СУДА ТӘРТІПТІ САҚТАМАУ АДАМ-ДАРДЫ БАҚЫТСЫЗДЫҚҚА ЖӘНЕ АДАМ ӨЛІМІНЕ ӘКЕП СОҚТЫРАДЫ.



Оқу жылының аяқталуына байланысты мектеп оқушылары жазғы демалысқа шығатыны белгілі. Осыған орай, Ойыл ауданының төтенше жағдайлар бөлімі аудан тұрғындарын және ата-аналарды жазғы демалыс кезінде оқушылардың суға шомылуы кезінде қауіпсіздік шараларын сақтау керек екендігін ескертеді.

Әрбір ата-ана жазғы демалыс кезінде балалардың бос уақытындағы іс-әрекеттеріне көп көңіл бөлгендері абзал. Табиғат аясында, өзендерде суға шомылғанда абай болғандарыңыз жөн. Ересектерсіз суға түсуге, ата-аналардың, ересек жастағы адамдардың спирттік ішімдік ішкен күйде суға шомылуына тыйым салынады. Жүзу білмесеңіз немесе өзіңізге белгісіз (ағысы қатты, терең, жар-қабақтар) жерлерге шомылмау керек. Ойыл өзені бойында тыйым салынған аймақтарда шомылуға жол бермеңіздер. **Шомылуға рұқсат етілген жерлер бұл: көпір маңындағы жағалау және Жаңабаз-Ойыл өткелі.** Салқын суларда көбіне қол-аяқтар құрысып қалып жатады. Терең сулар кеудені қысып, тыныс алуды тарылтады. Мүмкіндігінше, саспаған (үрейленбеген) дұрыс. Адам су ішінде айқайлап, тырмыса берсе, өлі кетіп, су жұтады.

Суға шомылу кезінде төтенше жағдай орын алған жағдайда 101 немес 112 нөміріне хабарласуларыңызды сұраймыз. 103 нөмірі арқылы медициналық жедел жәрдем шақырту қажет. Медициналық жедел

жәрдем келгенге дейін зардап шеккенге алғашқы көмек көрсете білу керек.

Төменде зардап шеккен, су жұтқан кездегі көрсетілетін алғашқы көмектің кейбір әдістері келтірілген:

Су жұту - тыныс алу жолдарын сұйықтықпен немесе сұйық масса-лармен толтыру. Су жұту белгілері болып, ауыздан көбік бөлу, жүрек қызметінің және тыныс алудың тоқтауы, көз ұлпасының кеңейуі, тері жамылғыларының көгеруі табылады.

Алғашқы көмек – ауыз қуысын тазарту, сосын зардап шеккенді құтқарушының жамбасына қойып, бұл кезде зардап шеккенді басы жерге қарай салбырап тұруы, кеудесі мен арқасын қаттырақ қысу арқылы іштегі және өкпедегі суды шығару керек. Бұдан кейін тездетіп жасанды тыныс алдыруды жүргізеді.

Белбеулерді, тартпаларды, орамалдарды және т.б. қолдану әдісі: Жүрек қызметін қалыпқа келтіру үшін жасанды тыныс алдырумен қатар жүрекке массаж жасау керек. Жүрек аймағына әрбір 5-6 басу арқылы жөбірленушінің аузы немесе мұрны арқылы ауа үрлейді. Мұны тыныс алу және жүрек соғуын толық қалыпқа келгенше жасайды.

Жүрек қызметі және тыныс алу қалыпқа келгеннен кейін жөбірленушіні жылытып, жамылдырып және медициналық пунктке жеткізу керек.

Есіңізде болсын! Өздеріңіз суға түсу ережесін біліңіз және өз балаларыңызды үйретіңіздер!

Ойыл ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі

КАЛИМА АКПАРОВА

Осы жылдың 25 мамыры күні денсаулық сақтау саласының ардагері Қалима Акпарова өмірден озды.

Қалима Акпарова қазіргі Түркістан облысында 1953 жылы дүниеге келген. 1975 жылы Қызылорда медициналық училищесін бітіріп, алғашқы еңбек жолын сол жылы Ойыл аудандық ауруханасында фельдшерлік қызметпен бастады. Сол уақыттан бері зейнет жасына дейін Ойыл орталық аудандық ауруханасының жедел жәрдем бөлімшесінде фельдшер болып қызмет атқарды. Ерең еңбегі ескеріліп, бірнеше мәрте облыстық, аудан басшылықтарының алғыс хатымен марапатталған. Сонымен қатар, жұмыста өте жауапкершілігі жоғары, өз ісіне тиянақты, жақсы маман бола білді. Қалима апайды қимастықпен еске ала отырып, отбасына, ағайын-туыстарына ортақтасып көңіл айтамыз! Жаныңыз жәнатта болсын!

Ойыл аудандық аурухана ұжымы және сала ардагерлері

Ойыл аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі мен аудандық білім қызметкерлері кәсіподақ ұйымы, Ойыл қазақ орта мектебінің ұжымы және бастауыш кәсіподақ ұйымы Мұқашевтар отбасына және Ойыл қазақ орта мектебінің мұғалімі Қайыркүлов Нұрсұлтанға өкесі

Амангелді Қайыркүловтың

қайтыс болуына байланысты, ағайын, тума-туыстарының қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Ойыл аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі мен аудандық білім қызметкерлері кәсіподақ ұйымы, Ж.Жүсіпбаев атындағы Ойыл қазақ орта мектебінің ұжымы және бастауыш кәсіподақ ұйымы Мұқашевтар отбасына ардақты өкесі

Аманкелдінің

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады

Ойыл аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі мен аудандық білім қызметкерлері кәсіподақ ұйымы, Ойыл қазақ орта мектебінің ұжымы және бастауыш кәсіподақ ұйымы Майлыбаевтар отбасына, ата-анасы Қуаныш пен Гаухарға Ойыл қазақ орта мектебінің 11 класс оқушысы

Әміре Қуанышұлы Майлыбаевтың

қайтыс болуына байланысты, ағайын, тума-туыстарының қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

**ДЕЗИНФЕКЦИЯ ЖӘНЕ
ДЕРАТИЗАЦИЯ
ЖОЮ**

БҮРГЕЛЕРДІ
ТЫШҚАНАРАДЫ, ТАРАКАНАРАДЫ
ҚУМЫРСҚАЛАРАДЫ, КЕНЕЛЕРДІ
КАНДААЛАНЫ, ЕГЕУҚҰЙЫҚТАРАДЫ
МАСАЛАРАДЫ

**5 ИНСИНЕРАТОР КӨМЕГІМЕН
МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚАЛДЫҚТАРДЫ
ЖОЮ**

ЖАҒУ ТЕМПЕРАТУРАСЫ +1000°С ДЕҢІН

медикаиналық қапдықтарды алып кету мүмкіндігі бар

**БИОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІККЕ
ТЕКСЕРУ**

ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР

II-IV патогендігі

“АКТИОБИНСКАЯ ПРОТИВООЧУМНАЯ СТАНЦИЯ”
филиал РГП на ПХВ
“Национальный научный центр особо - опасных
инфекций им. М. Айкимбаева” МЗ РК

Оказываемые услуги:

- дератизация, дезинсекция;
- проверка эффективности проведенных дератизационных, дезинсекционных работ;
- утилизация медицинских отходов;
- обучение на курсах повышения квалификации дезинфекторов;
- обследование энзоотических территории освоенных на биологическую безопасность;
- лабораторные исследования, на

*холеру;
*туляремию;
*сибирскую язву;
*псевдотуберкулез;
*кишечный перенитоз;
*листериоз;
*лептоспироз;
*бруцеллез.

Штат более 180 сотрудников, из них 17 биологов,
37 дезинфекторов. Более 40 спецтехники.

Научный подход к работе!

РАБОТА ПО ПРЕЙСКУРАНТУ ЦЕН

ЖҰМЫСТАРДЫ УАҚЫТЫЛЫ ОРЫНДАУ

ЖОҒАРЫ САПА СОҢҒЫ НӘТИЖЕГЕ ЖЕТЕДІ

г. Ақтобе, поселок Заречный - 2, ұл. Қайдаулы Батыра. 10
тел.: +7 (7132) 22 - 50 - 41; +7 (705) 473 - 80 - 00

Газетке жазылу - 2020

Аудандық “Ойыл” газетіне “Қазпочта АҚ” арқылы 2020 жылдың II жарты жылдығына жазылу жүріп жатыр

Индекс	Жазылушылар санаты	6 ай
65525	Жеке тұлғаларға	2834,86
66525	Занды тұлғаларға	4514,86
67525	Жеңілдікпен жазылатындарға (Барлық зейнеткерлерге)	2354,86

Байланыс телефондары: 2-19-02, 2-11-07 (Редакция)
2-19-98 (Қазпочта АҚ)